



www.kazmkpu.kz



ПРЕСС-РЕЛИЗ

Қысқаша ақпарат: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Дара» психологиялық-педагогикалық түзету кабинеті, Латын әліпбиін үйрету орталығы және Астананың 20 жылдығына арналған «Ұлы Дала – Дара Астана» көрмесінің ашылу рәсімі өтеді.

Мекен-жайы: Алматы қаласы, Гоголь көшесі, 161. Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің 2-оқу ғимараты.

Уақыты: 8 маусым, 2018 жыл, сағ.: 10:00

Толығырақ:

1) Сағ.: 10:00 – 10:20 – «Дара» психологиялық-педагогикалық түзету орталығы ашылады.

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде «Дара» психологиялық-педагогикалық түзету орталығы ашылады. Орталықтың ашылу рәсіміне ҚР Мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова, Алматы қаласының әкімі Бауыржан Байбек, жоғары оқу орындарының ректорлары және үкіметтік емес ұйым өкілдері қатысады. Орталықта жарымжан және мүгедек сәбилер мен жеткіншектер емделіп, емдік-сауықтыру шаралары жүргізіледі. Бұл қызметтердің барлығы да тегін көрсетіледі. Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық түзету орталығында инклюзивті білім беру

ұстанымдарын іске асыру, Қазақстандағы арнайы білім беруді қолдау, мүмкіндігі шектеулі балаларды білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету және болашақ педагог мамандарға практикаға бағдарланған білім беруді дамыту жұмыстары да жүргізіледі.

2) Сағ.: 10:30 – 10:45 – Латын тілін үйрету орталығы ашылады.

Қыздар Университетінде латын тілін үйрету орталығы ашылады. Білім беру мекемесінде оқу орнының профессор-оқытушылары мен студенттері латын графикасы негізіндегі жаңа қазақ әліпбиі бойынша оқып, жазуды меңгереді. Сондай-ақ, мұғалімдердің біліктілігін тереңдетуге және жетілдіруге бағытталған қосымша кәсіби білім беру бағдарламалары жүргізілмек. Бірнеше бағыт бойынша жұмыс істейтін орталыққа білікті тіл мамандары жұмылдырылады. Орталықта оқу ордасының ғалымдары жаңа әліпбидің орфографиясы мен орфоэпиясын қалыптастыру бағытында арнайы сабақтар мен курстар өткізеді. Жаңа әліпби бойынша оқу-әдістемелік кешен жасалып, арнайы оқу құралдары да жарық көрмек. Қазіргі күнде арнайы тұжырымдама жасалып, негізгі басым бағыттары түзілді.

3) Сағ.: 10:45 – 11:00 – «Ұлы Дала – Дара Астана» көрмесінің ашылу рәсімі өтеді.

Шара шеңберінде «Ұлы Дала – Дара Астана» көрмесінің ашылу рәсімі де өтпек. Астананың 20 жылдығына арналған көрмеде оқу орнының профессор-оқытушылары мен студенттерінің картиналары мен қолөнер бұйымдары көпшілік назарына ұсынылады. Іс-шараның мақсаты – Елорданың қалыптасу тарихын қылқалам шеберлерінің көзқарасы тұрғысынан дәріптеу, көпшіліктің бейнелеу өнеріне көркем құндылық тұрғысындағы көзқарасын қалыптастыру және жергілікті суретшілер арасында тәжірибе алмасу. Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында бабадан балаға мұра болып келе жатқан мәдени мұраларымызды өскелең ұрпаққа жеткізу нәм таныстыру.

ӘДІЛХАН ШОРАБЕК

Медиа департаментінің
директоры

Тел.: +7 (7172) 237 00 05

Email: khan_adil@mail.ru

ЖАНДАР АСАН

Баспасөз және қоғаммен байланыс
бөлімінің жетекшісі

Тел.: +7 777 511 56 56; + 7 701 080 19 90;

Email: zhandarassanov@gmail.com